

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы негізінде
2023- 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Топ: Ақ бұлақ

Балалардың жасы:

Жоспардың құрылу кезеңі мамыр (айды, жылды көрсету):

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|--------------|---------------------------|---|
| Мамыр | Дене шынықтыру | <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Допты басынан асыра (алға және артқа) бір-біріне беру, қолды алға созып оңға, солға бұрылу, гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсынан жіңішке тақтайшаны ұстап, алға еңкейіп, иілу, гимнастикалық қабырғаға арқасымен тіреліп тұрып, қолын белінің тұсына сай рейкадан ұстап, аяқты кезектестіребүгужәнетіккөтеру, алғаеңкейіп, алақанынеденгетигізу, айқасқанқолдарынарттынакөтеру, екіжанынасосылғанқолдарынжоғарыкөтеру, тізерлептұрып, алғаеңкею, отыру. 5 метргедейінқолменжүру (екіншібалабіріншібаланыңаяғынанұстапжүреді).</p> <p>Негізгіқимылдар: жүгіру: шашырап; жұптасып, бірқатармен, заттардыаттап, бірсызыққақойылғанзаттарарасымен "жыланша" ирелеңдеп, кедергілерденөтуарқылы, табиғижағдайлардакедергілерденөтуарқылы, түрліжылдамдықпен—баяу, жылдам, орташақарқынмен 1,5–2 минтоқтаусызжүгіру</p> <p>Музыкалық-ырғақтыққимылдар: Өздерінетанысденежаттығуларынмузыкаәуеніменәсемде, ырғақтыетіпорындау</p> <p>Спорттықжаттығулар: сырғанау. Өздігіненмұздыжолменжүгіріпкеліпсырғанау; сырғанаукезіндегітәсілдерінжәнеорнынантұру;</p> <p>Дербесқимылбелсенділігі: Құрдастарыменжарыстарұйымдастыру, олардыңережелерінебағынудағыдыларынқалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтырушаралары.</p> <p>Қауіпсізмінез-құлықнегіздері: Негізгіазық-түліктағамдарытуралыбілімдерінкеңейту.</p> <p>Күтілетіннәтижелер: негізгіпайдалыазық-түліктердіатайды;</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Фонетикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор:</p> |

| | | |
|--|------------------------------|---|
| | | <p>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.</p> <p>Шығармаларды қабылдау: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.</p> |
| | <p>Көркем әдебиет</p> | <p>Оқу, әңгімелеу Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p>Мазмұндау Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.</p> <p>Театр дағдыларын дамыту: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p> <p>Моральдық нормалар түсінігі: рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын береді</p> |
| | <p>Қазақ тілі</p> | <p>Қазақстан – ортақ үйіміз. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақстан халқы тату, көп ұлтты мемлекет екенін түсініктерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту. Ертегі әлемі. Сөздік қорларын молайту. Зейін қойып тыңдауға, таныс сөздерді табуға дағдыландыру. Алақай, жаз келді! Жаз мезгілінің ерекшелігін қазақша айтуға үйрету.</p> |

| | | |
|--|--|--|
| | | <p>Жаз айларын қазақша айта білу, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Мен не білемін және не істей аламын? Өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Өткенді қайталау.</p> |
| | <p>Сауат ашу негіздері</p> | <p>Сөз мағынасы: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну Сөйлемді ауызша талдау жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p> |
| | <p>Математика негіздері</p> | <p>Жиын: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау: 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру Шама. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Геометриялық фигуралар Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.. Кеңістікті бағдарлау. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.</p> |
| | <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <p>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары: Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.</p> |

| | | |
|--|--------------------------|--|
| | | <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылайды және түсінеді;</p> <p>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі: Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p> <p>Бала , оның отбасы ,үйі Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.</p> <p>Заттар әлемі Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Жол ережелері: «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.</p> |
| | <p>Сурет салу</p> | <p>Заттық сурет салу: Сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.</p> <p>Сюжетті сурет салу: Суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолданады;</p> <p>Сәндік сурет: Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу.</p> |
| | <p>Мүсіндеу</p> | <p>Заттық мүсіндеу: Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: геометриялық элементтерден құрастырады, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіреді</p> |
| | <p>Жапсыру</p> | <p>Заттық жапсыру: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше</p> |

| | | |
|--|------------------|---|
| | | <p>пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы мен тәсілдерін қолдану, түрлі материалдардан жапсыру</p> <p>Сәндік жапсыру: киіз үйдің жабдықтарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.</p> <p>еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p> |
| | | |
| | Құрастыру | <p>Құрылыс материалының құрылысы: Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p>Қағаз құрылысы: Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.</p> <p>Конструктор бөлшектерінен құрастыру: Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p> |
| | Музыка | Тақырыбы: «Менің отбасым» |
| | | <p>Музыка тыңдау: Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Ән айту: Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Аспаптардың аттарын білу, олардың тембрін тану. Қарапайым әуендерді ырғақпен ойнау, ойынды әнмен сүйемелдеу.</p> |

Бекітемін _____
«Ақмола облысы білім басқармасының
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің
жанындағы Атбасар қаласының
«Алтын бесік» бөбекжайы» МКҚК
меңгершісі Толгамбаева Ж.Е.
« ____ » _____ 2022-2023 оқу жылы

**«Қарлығаш» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс – әрекеттің
перспективалық жоспары**